

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1695. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 17 маусымдағы N 72 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009.06.17 N 72 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің жылжымайтын мүлік жөніндегі Орталықтары" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының ақпараттық қызмет көрсету қызметін тәртіпке келтіру және ж е т і л д і р у

м а қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы " Ақпараттық қызмет көрсету Ережесін бекіту туралы" N 6 V001035_ бұйрығына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің жылжымайтын мүлік жөніндегі Орталықтарының ақпараттық қызмет көрсету Ережесі:

мына мазмұндағы 15-1 тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Ақпараттық анықтамалардың түрлері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетімен бекітіледі.";

1 6 т а р м а қ т а :

мына мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жылжымайтын мүліктің қаржы лизинг шартын мемлекеттік тіркеу т у р а л ы к у ә л і к " ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) жылжымайтын мүлік объектісінің теңестірулік, техникалық сипаттары т у р а л ы а н ы қ т а м а л а р " ;

мынадай мазмұндағы 17-1 тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Жылжымайтын мүлік объектісінің теңестірулік, техникалық сипаттары туралы анықтамаларда жылжымайтын мүлік объектісіне қатысты құқықтар, шектеулердің (шек қою) бары немесе жоғы туралы мәліметтер болмау керек";

"ақпараттық қызметтердің" деген сөздерден кейін ", жылжымайтын мүлік объектісінің теңестірулік, техникалық сипаттары туралы анықтамалардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен "Жылжымайтын мүлік объектісінің теңестірулік, техникалық сипаттары туралы анықтамалардағы мәліметтер 15 күнге дейін берілген сәтінен жарамды болып табылады" деген сөздермен толықтырылсын. 2. Жылжымайтын мүлік объектісінің теңестірулік, техникалық сипаттары туралы анықтамалардағы мәліметтерінің нысаны және жылжымайтын мүліктің қаржы лизинг шартын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын Тіркеу қызметі комитеті осы бұйрық күшіне енгеннен кейін бір апталық мерзімде бекітеді. 3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.
Министр Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.